

Теректі ауданы Шаған ауылдық округінің Жаңа Өмір ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Шаған ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 9 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 наурызда № 5561 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңа Өмір ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шаған ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Шаған ауылдық округінің Жаңа Өмір ауылындағы көше атаулары

:

- "Ленина" көшесін - "Бейбітшілік" көшесі;
- "Советская" көшесін - "Достық" көшесі;
- "Октябрьская" көшесін - "Ақжайық" көшесі;
- "25 лет Целины" көшесін - "Жібек жолы" көшесі;
- "Кирова" көшесін - "Азаттық" көшесі;
- "Куйбышева" көшесін - "Ақбидай" көшесі;
- "50 лет Октября" көшесін - "Атамекен" көшесі;
- "60 лет Октября" көшесін - "Сарайшық" көшесі;
- "Чапаева" көшесін - "Шұғыла" көшесі;
- "Коммунарова" көшесін - "Арман" көшесі;
- "Целинная" көшесін - "Бостандық" көшесі;
- "Парковая" көшесін - "Серуен" көшесі;
- "Школьная" көшесін - "Болашақ" көшесі;
- "8 марта" көшесін - "8 наурыз" көшесі;
- "Гагарина" көшесін - "Юрий Гагарин" көшесі;
- "Лесхоз" көшесін - "Қарағайлы" көшесі;
- "Набережная" көшесін - "Жағалау" көшесі;
- "Степная" көшесін - "Тәуелсіздік" көшесі;
- "Новая Жизнь" көшесін - "Ұлы Дала" көшесі;
- "Абая" көшесін - "Абай" көшесі;
- "Маметова" көшесін - "Мәншүк Мәметова" көшесі;
- "Ауэзова" көшесін - "Мұхтар Әуезов" көшесі деп қайта аталсын.

2. Шаған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Р.Керей) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК